

# АНА ТІЛІ

## ЖӘНЕ ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫ

2-бөлім

*Жалпы орта білім беретін мектептердің  
1-сыныбына арналған оқулық*

*Өзбекстан Республикасы Халыққа білім беру  
министрлігі баспаға ұсынған*

*Жаңа басылым*



ТАШКЕНТ – 2021

УУК 811.512.122(075.3)  
КБК 81.2(5Каз)я72  
А 14

*Құрастырушылар:*

Н. Абдувалитов, М. Байтураева, Б. Джулдибекова

**Пікір жазғандар:**

- А. Нисанбаева** – Низами атындағы ТМПУ доценті,  
педагогика ғылымдарының кандидаты
- Г. Сулеева** – Бектемір ауданы 290-мектеп бастауыш  
сынып оқытушысы
- З. Сарсенова** – Төменгі Шыршық ауданы 12-мектеп  
бастауыш сынып оқытушысы

**ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР:**



**Оқылым**



**Айтылым**



**Сұрақтар**



**Жазылым**

**Ана тілі және оқу сауаттылығы 1-сынып. 2-бөлім [Мәтін]:**  
оқулық / Н.Абдувалитов [тағы басқ.]. – Ташкент: Республикалық білім  
орталығы, 2021. – 104 б.

УУК 811.512.122(075.3)  
КБК 81.2(5Каз)я72

Республикалық мақсатты кітап қоры қаржысы  
есебінен басылды.

Оригинал макет және дизайн концепциясын  
Республикалық білім орталығы жасады.

## Мазмұны

<b>IV тарау. Өнер және мәдениет. Ертегілердегі кейіпкерлер</b>		
72	Байлық пен ақыл	6
73	Арыстан мен тышқан	7
74	Кактус неге тікенді?	9
75	Бүркіттің досы сұңқар	11
76	Дала гүлдері	13
77	Қу мысық	15
78	Аурудан аяған күштірек	16
79	Алғашқы кітап	18
80	Балалар мен ғалым	19
81	Кітап оқу	21
82	Кітапханада	22
83	Кітапхана – кемел дос	24
84	Екі кітап	26
85	Ұқыпты оқушы	27
86	Кітап	28
87	Қонақжайлылық	30
88	Қонақты қарсы алу	31
89	Елтанудың басы	33
90	Көргенді бала	34
91	Мейірім	35
92	Қонақ пен қорап	36
93	Мен не үйрендім?	38
<b>V тарау. Тіл – көңілдің айнасы</b>		
94	Өлең болатын сөздер «Ана тілім»	40
95	Анамның тілі – аяулы үні	41
96	Ұстазым	42
97	Мектеп	44
98	Анадан	45
99	Отан туралы	46
100	Табиғат	48
101	Мезгілдер	49
102	Достық	50



103	Мақал сөздің мәйегі «Мақал сөздің атасы»	51
104	Балалардың білім туралы мақал айтысы	52
105	Мақал-мәтелдердің түрлері	53
106	Оқу инемен құдық қазғандай	54
107	Мені ойлантырған сөздер	55
108	Бірлік болмай – тірлік болмас!	57
109	Еңбекпенен ел көгерер	58
110	Ас адамның арқауы	60
111	Жаман жолдас	61
112	Жақсыдан үйрен – жаманнан жирен	62
113	Мен не үйрендім?	63
<b>VI тарау. Ғылым және технологиялар. Ай мен жер</b>		
114	Аспан – әлем күмбезі	66
115	Жер	67
116	Күн, ай, жұлдыз	69
117	Ай мен күн туралы ертегі	71
118	Қайдан келген?	73
119	Өткен күнге бір елес!	74
120	Бұл қызық!	76
121	Компьютер	78
122	Білім керек бәріне	79
123	Ғарышкер ағалар	81
124	Мен не үйрендім?	82
<b>VII тарау. Оқу жылы соңында өткендерді қайталау</b>		
125	Менің отбасымдағы адамдар	85
126	Қайталау	87
127	Қайталау	88
128	Түрлі-түсті алмалар	89
129	Жыл бойы өткендерді қайталау	92



# IV ТАРАУ. ӨНЕР ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ ЕРТЕГІЛЕРДЕГІ КЕЙІПКЕРЛЕР



## 72-сабақ. Байлық пен ақыл



Ертеде бір шал төрт ұлын шақырып былай депті:

– Кімнің ақылы мен байлығы сай болса, сол мұрагерім болады. Маған байлықтарың мен ақылдарыңды көрсетіңдер, – депті.

Үлкен ұлы асыл тасты жүзік салған қолын көрсетіп:

– Міне, менің байлығым. Кім бай болса, сол ақылды, – депті.

Екінші ұлы асыл киімдерін киіп келіп:

– Мына киімді көргендер ақылым мен байлығымның алдында бас иеді, – дейді.

Үшінші ұлы асыл тастармен әшекейленген белдігін буынып:

– Мұндай белдікті ешкім де буынып көрген жоқ, – дейді.

Әкесі үлкен балаларына қарап басын шайқайды. Ең кіші ұлына қарап:

– Сен қандай байлығыңмен мақтанасың? – дейді.

Сонда кенжесі:

– Менде тек еңбексүйгіш екі қолым, қайрат-жігерге толы жүрегім бар, – депті.

Шалға кенже ұлының жауабы ұнайды. Ол өзінің мұрагерім болады деп кенже ұлын атапты.



1. Шал ұлдарын шақырудан мақсат не еді?
2. Неге шал үш ұлының жауабына көңілі толмады?
3. Не үшін шалға кенже ұлының жауабы ұнады?
4. Ертегі саған несімен ұнады?

## Сөздікпен жұмыс:!

Мұрагер – атаның мал-мүлкіне ие болатын перзент.

Белдік – белге тағатын әшекейленген бұйым.



**1-тапсырма.** Ертегідегі шалдың бірінші, екінші, үшінші ұлына қандай ақыл-кеңес бересің.

1. \_\_\_\_\_, 2. \_\_\_\_\_, 3. \_\_\_\_\_.



**2-тапсырма.** Төменде берілген сөздерден шалдың кенже ұлына тиісті қасиеттерді теріп, сөйлем құрастыр.

ақылды

жалқау

кішіпейіл

ақылсыз

мақтаншақ

еңбексүйгіш

## 73-сабақ. Арыстан мен тышқан

(Халық ертегісі)



Бір күні арыстан ұйықтап жатқан кезде, тышқан келіп, оның үстінен жүгіріп өтеді. Арыстан оянып,



тышқанды ұстап алады. Бейшара тышқан жалына бастайды: «Егер мені жіберсең, мен



де саған жақсылық жасармын», – дейді ол. Арыстан тышқанның «жақсылық жасармын» деген сөзіне күліп, оны босатып жібереді.

Келесі күні аңшылар арыстанды ұстап алып, ағашқа таңып тастайды. Тышқан арыстанның бақырғанын естіп, жүгіріп келіп, арқанды тісімен қырқып: «Есіңде ме, сен менен жақсылық күтпеген едің ғой. Енді міне, тышқаннан да қайырымдылық келетінін көрдің», – депті.


Көрдің бе, кішкентай тышқан да арыстанға көмектесе алады екен.



1. Неге арыстанды орман патшасы дейді?
2. Тышқан қандай аң?
3. Қайырымдылық дегеніміз не?



**1-тапсырма.** Диалогты толықтыр. Парталас досыңмен ертегі жайлы сұхбаттас.



– ..... Саған «Арыстан мен тышқан» ертегісі ұнады ма?

– ....

Ертегі не жөнінде екен?

– Сен тышқанның орнында болғанда не істер едің?

– ...

– Ертегі мазмұнына сәйкес қандай мақалдар білесің?





**2-тапсырма.** Ертегі кейіпкерлеріне мінездеме бер. Дереккөздерден арыстан мен тышқан жайлы мәлімет топта.



күшті, .....

күшсіз, ...



## 74-сабақ. Кактус неге тікенді?

(Ертегі)



Ерте-ерте ертеде еркелігі елден өткен бір кішкентай қыз өмір сүріпті. Қыстың аязды күндерінің бірінде ол терезеге тұрған қырауды тамашалап отырыпты да:

– Маған әдемі гүл тауып беріңдер, – деп, үй-ішіне қиғылықты салады.

Ата-анасы:

– Қалың қар, қараған аязда қайдағы гүл? – десе, оны құлағына да ілмейді. Үй ішінің мазасын кетіріп, айтқанынан қайтпайды. Ел құлағы елу деген емес пе, ақыры сонау алыстағы елдерде жыл бойына үйде өсіп, гүлдейтін өсімдік туралы естіп біледі. Амалы құрыған әке белді бекем буып, қиырдағы елге сапар шегеді. Әбден арып-ашып, қыста өсетін гүлді тауып, қуанышпен елге оралады. Қыз ғажап гүлге алғашында қатты қуанады. Әйтсе де әдемі гүл оны біраз уақыт өткен соң



жалықтыра бастайды. Гүлдің жапырақтарын жұлмалап, қиянат жасайды.

Бір күні, айлы түнде кішкене қыздың қорлығына ыза болып, гүлдер кеңес құрады. «Тентек қыз әбден есіріп бітті. Бұдан артыққа шыдар шама қалмады. Ендігі жерде бізге жолай алмайтын болсын. Жапырағымызды тікенге айналдырып, гүлдеу мерзімімізді кештетейік»— деп келіседі.

Ертеңінде қыз баяғы әдетінше гүлдердің жапырағын жұлайын деп ұмтылып, қолын от басқандай кері тартып алады.

Міне, сол күннен бастап кактус тікенді гүлге айналыпты.

*Мұрат Байділданов*

10



1. Ертегіде қандай мәтел берілген?
2. Қалай ойлайсың қыздың гүлді қорлауы дұрыс па?
3. Мұғалім көмегімен кактус гүлінің пайдасы туралы айтып көр?



**1-тапсырма.** Мына сөздерге **ы** әрпін жалғап жаз. Ондағы дыбыстардың өзгеруіне мән беріңдер.

құлақ

сабақ

таяқ

жапырақ

**Үлгі:** құлақ – құлағы,

Жауабыңды төмендегі ережемен салыстырып көр.

## Есте сақта!

Ғ әрпі сөз соңында жазылмайды. Қ әрпімен аяқталған сөзден кейін дауысты дыбыс жалғанса, қ дыбысы ғ дыбысына айналады: тарақ-тарағы, бұлақ- бұлағы



**2-тапсырма.** «Кактус неге тікенді?» ертегісі бойынша сөйлем құрастыр.

құлағы

жапырағы

қайсарлығы

## 75-сабақ. Бүркіттің досы сұңқар



Бір күні Бүркіт өзіне сенімді дос табу үшін, әлемге хабар беріпті. Құстар жиналып, бүркіттің алдына келіпті. Сонда бүркіт: – Кімнің қандай қасиеті бар? – деп сұрапты. Бірінші болып қаз сөйлеген екен:

– Мен суда да жүземін, жерде де жүремін, көкте де ұшамын, – депті.

Жапалақ ортаға шығып:

– Менен басқа құстар түнде ұшып көрген емес, – деп мақтаныпты.

Құстардың көбі өзін-өзі мақтаған екен.

Сонда бүркіт алыстау тұрған сұңқардан:

– Сен неге үндемейсің? Сенің қандай қасиетің бар? – деп сұрапты.

Сұңқар:

– Менің үндемей тұрған себебім, өзімде түрлі қасиет те жоқ, бір ғана қасиетім бар. Ол өзіңіз сияқты шаршамай ұшу, – депті.



Бүркіт:

– Бір басыңа осы қасиет те жетеді. Маған сен ғана дос бола аласың. Асырмай, тек шындықты айттың ғой, – депті.

Содан бері биікте бүркіт пен сұңқар ғана самғайтын болыпты.



1. Мәтін не туралы?
2. Бүркіт қандай құс?
3. Бүркіттің дос таңдауын мақұлдайсың ба?
4. Мақтаншақтық қандай қасиет?

### Есте сақта!

К, г дыбыстары жіңішке буында айтылады. Сөз соңындағы к дыбысынан кейін дауысты дыбыс жалғанса, к дыбысы г дыбысына айналады: көк-көгі, елік-елігі, тілек-тілегі

12



**1-тапсырма.** Суретке қарап бүркіт пен сұңқардың ұқсас жақтарын айт.



---

---

---

---



**2-тапсырма.** Нүктелердің орнына к, г әріптерінің тиістісін қойып жаз.

Күре... – күре...і, жүре... – жүре...і, тере.... – тере...і, бүйре... – бүйре...і.

## 76-сабақ. Дала гүлдері

(Ертегі)



Далада өсіп тұрған Бәйшешек пен Бақбақ бір-бірімен таласып қалды.

– Ең әдемі гүл менмін! Ең бірінші өсіп шығып, көктем келгенін хабарлап, елді қуантамын! – деді Бәйшешек.

– Жоқ! Ел мені жақсы көреді. Өйткені менің екі бас киімім бар. Біріншісі – гүлдей жайнаған сары гүл. Екіншісі – үлпілдеген үкілі бөрік, – деді Бақбақ қарсыласып.

Екеуінің сөзін тыңдап тұрған қарт кісі:

– Таласпаңдар! Сендердің екеуің де әдемісіңдер! Иістерің де керемет. Екеуің қатар тұрғанда даланы жайнатып, иістерің адамдарға қуаныш сыйлайды, – деді.

Содан бері Бәйшешек пен Бақбақ таласпайтын болыпты.


*«Балдырған» журналынан*



1. Бәйшешек пен бақбақтың таласуын мақұлдайсың ба?
2. Сенің ше қайсы гүл әдемі?
3. Гүлдердің адамға пайдасы туралы айтып көр.



**1-тапсырма.** Диалогты рөлге бөліп оқы және жалғастыр.

– Айнұр, көктемде ең бірінші ашылатын білесің бе? 

– Әрине, көктемде ең бірінші  ашылады.

–  саған ұнайды ма ?

– Маған  ұнайды.

– Әсет, саған қайсы гүл ұнайды?

– Маған  ұнайды.

– Ал сен қай гүлді ұнатасың?

– Мен ....

14

### **Есте сақта!**

**Б** әрпі сөз соңында жазылмайды. Сөздің соңында **б** әрпі естілгенімен **п** әрпі жазылады: доп, қап, тәртіп.

**П** әрпімен аяқталған сөзден кейін дауысты дыбыс жалғанса, **п** дыбысы **б** дыбысына айналады: кітап-кітабы, мектеп-мектебі.



**2-тапсырма.** Нүктелердің орнына **б**, **п** әріптерінің тиістісін қойып жаз.

Та... – та...у, кө... – кө...і, тала... – тала...ы.  
Жа... – жа...у, са... – са...ы, қолға... – қолға...ы.

## 77-сабақ. Қу мысық



Бір мысық әбден қартаяды. Тышқан аулаудан да қалады. Енді не істеу керек?

Мысық қулық жасамақ болыпты.

Бір күні ол өлген болып жата қалыпты. Оны көрген тышқандар қатты қуанады. Тышқандар індерінен шығып, билеуге кіріседі. Кәрі тышқан мысықтың кеудесіне шығып билей бастайды. Мысық атып тұрып, тышқанды бас салады.



1. Ертегі не туралы?
2. Мысық тышқандарды қалай алдады?
3. Мысық қандай жануар?
4. Ертегідегі негізгі ойды айт.



**1-тапсырма.** Суретке қарап мысықты сипаттап бер.

Мысықтың реңі \_\_\_\_\_

Мысықтың көзі \_\_\_\_\_

Мысықтың жүні \_\_\_\_\_

Мысықтың құйрығы \_\_\_\_\_

Мысықтың аяқтары \_\_\_\_\_



### Есте сақта!

**У** сөз басында және дауыссыз дыбыстан кейін келсе, дауысты дыбыс болып, буын құрайды: у-ыз, жу-сан. **У** дауысты дыбыспен қатар келіп, екеуі бір буынды құраса, дауыссыз дыбыс болады: уа-қыт, уә-де.



**2-тапсырма.** Мына сөздерде у дыбысы дауысты және дауыссыз болғанын екі бағанға ажыратып, буынға бөліп жаз.

тұсау

бояу

тауық

қырау

жусан

қуыршақ

уақыт

сурет

## 78-сабақ. Аурудан аяған күштірек



Сейіт жол үстінде жүгіріп бара жатқанда, бір арбалы келіп, аңдаусыз соғып кетіп, аяғын зақымдап алыпты. Ойбайлап жылап жатқан баланы көріп шошынған шешесі есінен танып қалыпты. Мұны көрген соң, Сейіт жыламақ түгіл, сынған аяғын орнына салып, таңып жатқанда да дыбысын шығармай, қабағын да шытпай жатты. Сонда сынықшы кісі:

– Аяғың ауырмай ма, қабағыңды да шытпайсың? – деп сұрады.

Сейіт шешесі шығып кеткен соң, демін алып, сынықшыға сыбырлап:

– Ауырмақ түгіл, жаным көзіме көрініп тұр, бірақ менің жанымның қиналғанын көрсе, әжем де қиналып, жүдемесін деп, шыдап жатырмын, – деді.

*Ыбырай Алтынсарин*



1. Әңгіме не туралы?
2. Сынықшы қандай кәсіп?
3. Шыдамдылық дегеніміз не?





**1-тапсырма.** Мәтіннен Сейіттің сынықшыға айтқан сөзін көшіріп жаз.

**Есте сақта!**

**Т** дыбысын **д** дыбысынан айыра біл: т-қатаң дыбыс, д-ұяң дыбыс. Дала – тала, дара – тара, доп – топ



**2-тапсырма.** **Д** және **т** әріптерінен басталатын сөздерді бесеуден жаз. Олардың дыбысталуына мән бер.

Д дыбысы	
Т дыбысы	



**3-тапсырма.** Өлеңдегі адасқан ұяқасты тауып, ұяқастырып жаз.

Атым қорқып

түбірден

Талым шықты

дүбірден

Ат босатып

құдықтан

Су тасыдым

құрықтан

Мекембай Омарұлы



## 79-сабақ. Алғашқы кітап

Көзіңді ашып, ойды өсіріп,  
Айтады кітап өмір сырын.  
Адамдыққа ақыл беріп,  
Үйретеді өнер, білім.  
Сол кітаптан үйренесің,  
Көп әңгіме, қызық кеңес.  
Оқып біл де, анық түсін,  
Жаттап, жазып ертелі-кеш.



*С. Бегалин*



1. Өлең не туралы?
2. Сен кітап оқуды қалай үйрендің?
3. Сен қандай кітап оқуды ұнатасың?
4. Өлеңді жатқа айт.

18



**1-тапсырма.** Суретке қарап кітап оқудың пайдасы туралы айт және жаз.


**Үлгі:** Кітап оқу қоршаған ортаны, әлемді тануға көмектеседі.





**2-тапсырма.** Толықтырып жаз.

Мен  оқыдым.

Үсен  сурет салды.

Асан  дәптерге жазды.

Перизат  сызды.

## 80-сабақ. Балалар мен ғалым



Екі бала келе жатып, бір кітап тауып алыпты. Бірінші бала:

– Бұл кітап менікі, неге десең, мен сенен бұрын көрдім, – дейді.

Екінші бала:

– Жоқ, бұл кітап менікі, неге десең, мен сенен бұрын жерден көтеріп алдым, – дейді.

Екі баланың таласының үстінен шыққан ғалым оларға:

– Сендер хат танысыңдар ма? – депті.

Балалардың екеуі де шынын айтып:

– Жоқ, хат танымаймыз, – дейді. Сонда ғалым:

– Кітап сендерге неге керек? Бұл кітапты мен алайын. Қай бірің бұрын оқу білгенге беремін, – депті.


*Спандияр Көбеев*



1. Әңгіме не жөнінде екен?
2. Екі баланың кітапқа таласуын мақұлдайсың ба?
3. Сен ғалымның шығарған қорытындысына қосыласың ба?
4. Мұғалім көмегінде «ғалым» деген сөздің мағынасын ашуға әрекет жаса.



**1-тапсырма.** «Балық ұстау» ойыны арқылы оқу құралдарын тап.



**2-тапсырма.** Жұмбақтарды оқып, шешуін тап. Жұмбақтардың алғашқы екеуін көшіріп жаз.

Қабат – қабат қаттама,  
Ақылың болса аттама. (...)

Білімнің дәнін тереді,  
Балаға тәлім береді. (...)

Жұқа тақтай бөлшегі,  
Ұзындықтың өлшемі. (...)

Тіл жоқ өзінде,  
Сөзі бар ізінде. (...)



*Р. Өтегенов*

## 81-сабақ. Кітап оқу



Кітап – бұл сыйлық. Кітаптың іші толған маржан сөз, үлгі-өнеге. Кітапты сүйе біл, ол саған ақылшы дос болады. Оқитын кітабыңды таңдай біл. Жақсы кітап ой-сананды өсіреді, тәлім-тәрбие береді.

Кітап оқу арқылы адамдардың мінез-құлқын, іс-әрекеттерін тануға үйренесің. Кітапты мұқият оқып, ұқыпты ұста. Кітап оқу – адамдарды, өмірді тануға жол ашады.

Мен кітапханаға жиі барамын. Мен ертегі оқуды ұнатамын. Кітапханашы апай кітап таңдауға көмектеседі. Ол: алған кітаптарыңды жыртпай, уақытыңда қайта тапсыр, – деді. Мен кітаптарымды жыртпай, уақытыңда өткіземін.



1. Мәтін не туралы?
2. Мектеп кітапханасынан пайдаландың ба?
3. Үйіңдегі кітап сөресінде қандай кітаптар бар?
4. Кітапты ұстау ережесін білесің бе?

### Есте сақта!

Кітапты ұқыпты, таза ұста.

Кітапқа сызба, парақтарын жыртпа.

Кітап бетін, бұрыштарын бүктеме.



**1-тапсырма.** Диалогты оқы және жалғастыр.

- Бауыржан сен бүгін қайда бардың?
- Кітап дүкеніне бардым.
- Кітап дүкенінде қандай кітаптар бар екен?
- .....



– Сен кітап дүкенінен қандай кітап сатып алдың?

– .....

– Саған ол кітап ұнады ма?

– .....

– Оқып болсаң маған да беріп тұрасың ба?

– .....



**2-тапсырма.** Әр сөйлем қандай сөзден басталған? Нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып, көшіріп жаз.

Кітап оқымай, білім алу ..... емес.

Кітап оқу – миға жасалған ..... .

Кітапты бар ....., ....., ....., оқы.

22

**Қажетті сөздер:** мүмкін, қазына, жаттығу, ынтамен, ықыласпен, мұқият, қайнар.



**3-тапсырма.** Берілген мәтінді қатесіз көшіріп жаз. Заттың атын білдіретін сөздердің астын сыз.

Кітап оқу – өте пайдалы іс. Өйткені, кітап – білім көзі. Кітап оқу арқылы неше түрлі қызық оқиғаларды білуге болады. Өйткені, «білім – кітапта» дейді, халық.

## 82-сабақ. Кітапханада



Айгүл кітапханаға барды. Кітапхананың оқу залына кірді. Оқу залында кітап оқып отырған оқушылар көп екен. Айгүл бос орынның біреуіне келіп отырды. Ол қолындағы кітабын

судырлатып ақтара бастады. Жан-жағына алақтап қарай берді. Айналасында отырған оқушылардың мазасын алды. Жанында отырған қыз:

– Айгүл тыныш отыршы, деді.  
– Қазір тыныш отырамын! – деп, Айгүл айғай салды.



1. Мәтін не туралы?
2. Оқу залында оқушылар не істейді?
3. Айгүл кітапханада өзін дұрыс ұстады ма?
4. Кітапханада кітап оқу ережесі туралы айт.



**1-тапсырма.** Кітап туралы нақыл сөздерді көшіріп жазыңдар.

Білімнің қайнар бұлағы, сенің рухани қазынаңның қайнар бұлағы – кітап. Өз кітапханаңды құра біл. Кітапты бір оқып қанағат тұтпа, қайтадан оқы.



**2-тапсырма.** Суретке қарап «Мектеп кітапханасында» деген тақырыпта сұхбат құр.





Сөз жазу жолына сыймай қалса, буынға бөліп, кейінгі жолға жазылады. Мұны тасымал дейміз. Мысалы: *кі-тап, дәп-тер, қа-лам.*

Бір буынды сөздерді тасымалдауға болмайды: *қант, бор, жаз.*

Бірінші буын бір дыбыстан тұратын екі буынды сөздер де тасымалдауға болмайды: *О-тан, а-на, ө-мір.*



**3-тапсырма.** Өнер жайлы мақалдарды оқып, тасымалдауға болатын сөздерді буынға бөліп жаз.

Өнер – жігіт көркі.

Өнер алды – қызыл тіл.

Өнерді үйрен, үйрен де жирен.

## 83-сабақ. Кітапхана – кемел дос



Әлемдегі ең ірі кітапхана – Конгресс кітапханасы. Ол Америка Құрама Штаттарының ұлттық кітапханасы. Кітапхана Вашингтон қаласында орналасқан. Кітапханада үш ғимарат бар. Кітапхананың аумағы да үлкен. Кітап саны да көп. Кітапханада 32 миллионнан аса кітап қоры бар. Кітаптар 437 тілде жазылған. 61 миллиондай қолжазба бар.

Әлемдегі екінші ірі кітапхана Ұлыбритания Ұлттық кітапханасы Лондон қаласында орналасқан. Британдық кітапханада 25 миллиондай сирек кездесетін қолжазба мен кітап бар.





1. Мәтінде не туралы айтылады?
2. Әлемдегі ірі кітапханалар жайлы не білдің?
3. Мұғалім көмегінде Өзбекстан Республикасы ұлттық кітапханасы жайлы мәлімет біліп ал?



**1-тапсырма.** Мәтінде берілген жақша ішіндегі қажетті сөздерді қойып, сөйлемді көшір.

Мен достарыммен кітапханаға (отырамын, барамын). Мұрат (асханаға, кітапханаға, киноға) жиі барады. Марат (суретті, дәптерді, кітапты) көп оқиды. Кітапханада (шулауға, ойнауға) болмайды.



**2-тапсырма.** Бір сөйлемге әртүрлі сұрақ қой.

**Үлгі:** Білімнің пайдасын білетін адам кітап жинайды.

1. Білімнің пайдасын білетін адам (не?) жинайды.
2. Кітапты (қандай?) адам жинайды.
3. Білімді адам (неге?) кітап жинайды.



**3-тапсырма.** Мына сөздер арқылы мақалды құрастырып, тасымалдауға болатын сөздерді буынға бөліп жаз.

білім

кен

тозбайтын

ақыл

тон

таусылмайтын

## 84-сабақ. Екі кітап

### (Мысал)



Бір кітап бір кітапті көріп, ішегін тартты.  
– Ой, неткен сұлусың-ей! Сені суретші емес, пері безеген болар. Мені қарашы, түрім де, түсім де қораш... Тіпті халыққа көрінуге ұят.

Анау күрсінді.

– Ой, досым-ай, түсте тұрған не бар дейсің? Бәрі алдамшы нәрсе ғой. Ішкі дүниең сұлу болмаса, пайдасы не? Ертең қоқыс жәшіктен бір-ақ шығам ба деп зәрем жоқ.



1. Екі кітап не жөнінде әңгімелесті?
2. Кітаптың құндылығы неде?
3. Неге кітапты қоқыс жәшікке тастауға болмайды?

26



**1-тапсырма.** Нақыл сөздерді толықтырып, көшіріп жаз.

1. Кітаптың сырты ескіргенімен, ақыл сөзі ешқашан өзгермейді. 2. Кітап – үйдің ашулы тұрған терезесі.



**2-тапсырма.** Кітапты қалай бағалайтыныңды айт.



**3-тапсырма.** Мына кітаптың сөзін көшіріп, сұраққа жауап жаз.

– Ой, досым-ай, түсте тұрған не бар дейсің? Бәрі алдамшы нәрсе ғой. Ішкі дүниең сұлу болмаса, пайдасы не?



## 85-сабақ. Ұқыпты оқушы

Кітапты орап тыстаймын  
Жыртылмасын.  
Мұқабасы бүктеліп,  
Қырқылмасын.  
Таза болсын беттері,  
Кірлемесін.  
Көрген кісі кітабың  
Кір демесін.

*Мұзафар Әлімбаев*



1. Кітапты неге тастаймыз?
2. Сен кітабыңды қалай ұстайсың?
3. Оқулықтарыңа хатшөп жасадың ба?



**1-тапсырма.** Нүктелердің орнына тиісті сөздерді қойып, өлеңді ұяқастырып жазыңдар.

Әріптерді таныңдар

Әріптерді таныңдар,

қойыңдар

Бәрін жаттап ...

бар

Онда қызық ойын ... ,

Оған көңіл ... .

шығыңдар

Ойнаңдар да ... ,

алыңдар

Қызығына тоймаңдар!

Бәрін қарап ... ,

Әріп сырын ұғыңдар!

ойлаңдар



**2-тапсырма.** Талдау жаса.

Кітап	→	бір сөз
Буын	→	екі буын
Дыбыстар	→	
Әріптер	→	
Дауысты дыбыстар	→	
Дауыссыз дыбыстар	→	



**3-тапсырма.** Берілген сөздерден сөйлем құрастыр. Мәтін болатындай ретімен жаз.

1. Жақсы, оқуды, ол, кітап, көреді. 2. Жан-дос, бала, ынталы, зейінді. 3. Ұстайды, оқулықтарын, таза, оқушы, ұқыпты.

## 86-сабақ. Кітап

28



Жазық, кең дала. Жел жоқ. Күн шуақ. Аспанда – ақ сабынның көбігіндей, ақ мақтадай ақ бұлттар. Анда-санда шық-шық еткен торғайдың дауысынан басқа ешбір тықыр, не бір үн естілмейді.

Қартқожа жазық далада. Көйлекшең, жалаңбас. Көк шөпке бауырын төсеп, күнге қарап, қошқыл маңдайынан тері шып-шып шығып, кітабын оқып жатыр. Оның кітапқа ынталанғаны сонша, жан-жағына қарамайды. Анда-санда мұрнын тартып қояды. Өзінің айдалада жатқанын, дауылын да, басқа дүниені де ұмытты. Оқыған сайын ажарланады. Иегін созып, көзін қадап, қағазды жеп қоятын тәрізді.

*Жүсіпбек Аймауытов*



1. Әңгімені мәнерлеп оқыңдар
2. Әңгімеде ауа райы қалай суреттелген?
3. Қартқожа қандай кітап оқыды деп ойлайсыңдар?
4. Қартқожаның кітапты қалай оқығанын айт.
5. Өзің қандай кітап оқуды ұнатасың?

### Есте сақта!


Мекен-жайды білдіретін сөздерге қайда? қай жерде? деген сұрақтар қойылады.



**1-тапсырма.** Мәтіннен қайда? қай жерде? деген сұрақтарға жауап болатын сөздерді теріп жазыңдар.



**2-тапсырма.** Суреттерге қарап, сөзжұмбақтың шешімін тап.



**3-тапсырма.** Мәтінді көшіріп жаз және есте сақта.

### Кітап оқу

- Дүниетанымды арттырады.
- Сөздік қорымызды байытады.
- Жаңа идеялар туындайды.
- Рухани демаламыз.
- Сабырлы болуға үндейді.
- Жарқын болашаққа жол ашады.

## 87-сабақ. Қонақжайлылық



Біздің қазақта қонақжайлылық деген бар. Бұл – келген қонақты жылы жүзбен қарсы алып, барын ұсыну.

Қонақтың мынадай түрлері бар:

Арнайы қонақ. Алыс-жақыннан келген жақын туыс, сүйікті дос, жақсы жолдас. Бұл – сыйлы қонақ.

Құдайы қонақ. Өзің танымайтын, білмейтін шалғай елден жолаушылап жүріп ат басын тірей қалған бөгде қонақ. Бұл – сауап қонақ.



Қыдырма қонақ. Ерігіп, желігіп, үйден-үйге қыдырып жүрген сандалма қонақ. Бұл – далбаса қонақ.

Қылқима қонақ. Үй арасындағы түтіні түзу шыққан үйді аңдып, құлқыны үшін жүрген көлденең қонақ. Бұл – сұғанақ қонақ.



1. Мәтін не туралы?
2. Қонақжайлылық деген не?
3. Қонақ келгенде дастарқанда отыру әдебін білесің бе?




**1-тапсырма.** Мәтіннен пайдаланып, қонақтың түрлерін дәптеріңе жаз.

1. \_\_\_\_\_
2. \_\_\_\_\_
3. \_\_\_\_\_
4. Қылқима қонақ.



**2-тапсырма.** Ас мәзірін құра. Ол үшін А – әрпін таңғы, Ә – әрпі түскі, Б – әрпін кешкі аста жегің келетін тағамдардың қасына қой. Көп жеуге болмайтын тағамдарды көрсет.



**3-тапсырма.** Нүктелер орнына керекті сөздерді қойып, өлеңді ұйқастырып көшіріп жазыңдар.

Қонақжайлылық ... ,

сақтасақ

Оқып, біліп ... .

жатырмыз

Ата салтын ... ,

даңқымыз

Арта берер ... .

салтымыз

## 88-сабақ. Қонақты қарсы алу



Ертеде сырттан келген қонақ ауыл шетіне келе, атынан түсіп жетегіне алып, ауылға жаяу кіретін болған. Үйге бет алған қонаққа сол үйдің жастары мен балалары сәлем



беріп, қарсы алып, есік ашып, құрмет көрсеткен. Қонақ үйге кіре аяқкиімін оң босағаға шешіп, үй ішіндегі адамдармен қол алысып амандасады. Үй ішіндегі жастар қонаққа көрпе төсеп, төрге жайғастырады. Әдетте қақ төрге жолы үлкен бас қонақ отырады. Қалған қонақтар жолымен жасына қарай жайғасады. Қонақ үстіне қонақ келсе, жасы кіші қонақ жасы үлкендерге ығысып, орын береді. Жөн сұрасып болған соң, үй иесі қонаққа барын беріп, қуантуға тырысады.



1. Мәтін не туралы?
2. Ертеде қонақты қалай қарсы алған?
3. Келген қонақтар қалай жайғасады?
4. Қонақ күту дәстүрін біліп ал?



**1-тапсырма.** Сөздерді орнына қойып, сөйлем құрастырып жаз.

1. Үйге, келді, атам, нағашым.
2. Қонақты, қарсы, жүзбен, керек, жылы, алу.
3. Жасы, отырады, үлкен, төрге, кісілер.



**2-тапсырма.** Мәтіннен қашан? деген сұраққа жауап беретін сөздерді жаз.



**3-тапсырма.** Үйге келген қонақты қалай қарсы алу керек тақырыбындағы диалогты жалғастыр.

- Ассалаумағалейкүм ата!
- Уағалейкумассалам, балам!
- .....
- .....
- .....





## 89-сабақ. Елтанудың басы



Әкем маған ататегіміздің аты-жөнін үйретуші еді.

- Мен – Момыштың ұлымын.
- Момыш кімнің баласы?
- Момыш – Имаштың баласы.

Осылайша, жеті атаға дейін жетелеп отырып санатады.

Ал келген қонақ, ең алдымен, атымды сұрайтын. Сонан соң менің жеті ата жөніндегі білімімді тексеретін.

Елтанудың басы, ең алдымен, осылай басталатынын ол кезде кім білген?

*Бауыржан Момышұлы*



1. Әңгіме кім жөнінде?
2. Келген қонақ нені сұрайды екен?
3. Сен жеті атаң жайлы білесің бе?

### Сөздікпен жұмыс:!

*Ататегі* – бұл жерде: ата-бабалары деген мағынада.



**1-тапсырма.** Санды сөзбен жаз.

7


атасын білген ер

жұрттың қамын жер

атасын білмеген – жетесіз.



**2-тапсырма.** Жастарына сай нөмірлеп шық және ортадағы бала үшін қалғандарының кім болатынын айт.



**3-тапсырма.** Жеті атаңды ата-анаңның көмегімен жаз.



## 90-сабақ. Көргенді бала



Маралбек үшінші сыныпта оқиды. Ол сабақтан шыққан соң автобусқа отырды. Келесі аялдамадан қолында жүгі бар әжей мінді. Маралбек дереу ұшып тұрып, үлкен кісіге орын берді. Әжей автобустан түскен кезде, ол да түсіп қалды. Қарт кісінің қолындағы заттарын көтерісіп, үйіне дейін жеткізіп салды. Әжей Маралбектің кішіпейілдігіне, тәрбиелілігіне риза болды.

«Балдырған» журналынан



1. Маралбек нешінші сыныпта оқиды?
2. Ол қандай көлікке шықты?
3. Маралбек әжейге қалай көмектесті?
4. Сендер де қарияларға көмектесесіңдер ме?



**1-тапсырма.** Мақалдарды көшіріп жаз, мазмұнын түсіндір.

1. Алтын алма, алғыс ал.
2. Баталы ұл арымас, батасыз ұл жарымас.



**2-тапсырма.** Дәптеріңе Маралбек қандай оқушы екенін сипаттап жаз.




**3-тапсырма.** Нақыл сөздерді көшіріп жаз.




Үлкенді сыйлау, үлкенге көмектесу – үлгілі іс. Жақсы бала үлгілі болуға тиіс.

## 91-сабақ. Мейірім



сұп-суық еді. Ұзақ шатырға ілініп ап, міз бақпай тұра беруден жалықпайтын. Балалар қызығып ұстағысы келсе, өзінің  сұп-суық денесімен қарып алатын.

Оған адамдардың мейірімі жетпейтін еді. Ол өткен-кеткендерден мейірім күтіп ұзақ тұрды. Мейірім үшін өзін құрбан етуге, еріп су боп ағып кетуге бар еді.

Көктем келді. Күлімдеп,  шықты. Жер бетіндегі тіршіліктің бәрін бірдей  көретін. Кенет көзі  түсті. Сол-ақ екен, күлімдеді.

– Неткен сұлу едің? – деді .



– Мен бе? – деді .


Тұла бойы балқып, бірте-бірте еріп бара жатты.



1. Әңгіме не туралы екен?
2. Мейірімділік деген не?
3. Адамдарға мейірімділік не үшін қажет?



**1-тапсырма.** Күн нұрларына достарымыз үшін мейірімділік сөздерін жаз және жалғастыр.



**Үлгі:**

ақылдысың, рақмет, мейірімдісің,  
алғысым шексіз . . .



**2-тапсырма.** Берілген сөздерден сөйлем құрап жаз.

құрмет

әдептілік

мейірім

мейірімді

тіршілік

күлімдеді

36



## 92-сабақ. Қонақ пен қорап


Қолынан алып қорапты,  
Бастадық үйге қонақты.  
Ағам да әзер көтерді,  
Қорабы екен қомақты!


Сүлгіні алып қолыма,  
Су құйдым қонақ қолына.  
– Дәл осы судай әзіз боп,  
Гүл бітсін, – деді, – жолыңа!


Астында таудың түнеген  
Күліп тұр көкте Күн – екем.  
Қуанған жүзі жайнаңдап,  
Бұл қонақ өзі кім екен?

Ішінде бары он-ақ па?  
Сонда да рақмет қонаққа.  
«Тағы да не бар екен?» – деп,  
Көз тастап тұрмыз қорапқа.

– Алақай, шақыр Әтенді,  
Апамды және әкемді!  
Еламан ата бір құшақ  
«Балдырған» журнал әкелді!

-  1. Өлең не туралы?  
2. Қолына су құйған балаға қонақ қандай тілек айтты?  
3. Қораптың ішінен не шықты?  
4. Балалар неге қуанды?

 **1-тапсырма.** Өлеңнен сұрақ және леп белгісі қойылған жолдарын көшіріп жаз.

 **2-тапсырма.** Достарыңмен пікірталас ұйымдастырыңдар.



Сен  
үйге қонақ келсе  
қалай қарсы аласың?



**3-тапсырма.** Мәтінді оқып, көшіріп жаз және жалғастыр.

Үйге қонақ келсе, анам қатты қуанады. Қандай қонақ келсе де, төрге отырғызып, дастарқан жаяды. Дастарқанға бірінші нан қояды.



## 93-сабақ. Мен не үйрендім?



**1-тапсырма.** Сұрақтар мен тапсырмалар.

- Арыстан мен мысық ертегісінен алған қорытындыны айт.
- Бұл тарауда қандай ертегілер оқыдыңдар?
- Қонақтың қандай түрлерін біліп алдыңдар?
- Барлық кітаптың атасы қай кітап?
- Кітапты оқу барысында бізге берер пайдасын айт.



**2-тапсырма.** Берілген сөздерді жалғастыр және топтар құра.

Қу мысық, Арыстан мен тышқан, _____, _____, _____	
Әліппе, Тәрбие, Айналамыздағы әлем, _____, _____, _____	
Түймедақ, Қызғалдақ, _____, _____, _____	
Құдайы қонақ _____, _____, _____	



**3-тапсырма.** Ойтолғаныс.

	
<b>Ыстық</b>	<b>Суық, қатты, мұздатады ...</b>



# V ТАРАУ. ТІЛ – КӨҢІЛДІҢ АЙНАСЫ



Өлең болатын сөздер

Мақал сөздің мәйегі



## 94-сабақ. Ана тілім

Ана тілім – ән қылып  
Анам айтқан әлдиім.  
Ана тілсіз мәңгілік  
Келіспейді ән күйім.

Ана тілім – бойымда  
Ағып тұрған бұлағым.  
Ана тілім – ойымда  
Жанып тұрған шырағым.

Ана тілім толғаса,  
Қай теңіз бар шайқалмас?  
Ана тілім болмаса,  
Ерлігім де байқалмас,  
Елдігім де байқалмас!

*Мекембай Омарұлы*

40



1. Өлең не туралы?
2. Ана тілі дегеніміз не?
3. Сенің ана тілің қайсы тіл?



**1-тапсырма.** Жалғастыр, не деп ойлайсың  
ана тілі бұл – ...

Ана тілі → халық тілі  
→ ...  
→ дана тіл  
→ ...



**2-тапсырма.** Өлеңнің екінші шумағын қатесіз  
көшір.



## 95-сабақ. Анамның тілі – аяулы үні



Өмірге келдім,  
Анамды көрдім,  
Деді ол: «Жаным  
Арайлы таңым».  
Самал боп желпіп,  
Жырымен ертіп,  
Үйретіп тынбай,  
Бал тілін, әнін.  
Анамның тілі – айбыным менің,  
Анамның тілі – ай, күнім менің.  
Сүйемін байтақ елімді туған.  
Сүйемін мәңгі өмірді думан.  
Мектепке келдім,  
Ұстазды көрдім,  
Табынып, сүйіп.  
Анамның тілі –  
Аяулы үні  
Жүрекке нұрын  
Жіберді құйып.

*Шона Смаханұлы*



1. Өлең не туралы?
2. Сөз неден құралады?
3. Сөйлеу қалай жүзеге асырылады?
4. Не үшін ана тілін қастерлеу қажет?

Жазу жолында сыймаған сөз буынға бөлініп тасымалданады. Сөздердің тасымалданбаған бөлігінен соң қысқа сызықша (дефис) қойылады: қа-лам, дәп-тер, көгер-шін, кө-гершін.



**1-тапсырма.** Сөздерді тасымалдап жазыңдар.

**Үлгі:** Мек-теп-ке

1) Мек-тепке

2) Мектеп-ке

ұстазды

1) ұстаз-ды

2) ұс-тазды

қоңыраулар

кітаптар

қаламдар

оқулықтар



**2-тапсырма.** Буындардан сөз құрастырып жаз.

мек

қа

лам

теп

таз

оқу

ұс

шы

ла

ба

кі

тап

42



**3-тапсырма.** Өлең жолдарына тиісті сөзді қойып көшір.

Ең тәтті де –

Ең ащы да –

Ең қатты да –

Ең жұмсақ та –



## 96-сабақ. Ұстазым

Көңіл-күйін әркімнің көре білген – ұстазым.  
Бойында бар білімін бере білген – ұстазым.  
Ізгіліктің нұрларын төге білген – ұстазым.  
Әр жүрекке гүл-сезім еге білген – ұстазым.  
Шапағатын балаға себе білген – ұстазым.  
Баянына бақыттың сене білген – ұстазым.



1. Өлең не туралы?
2. Ұстаз сөзіне мағыналас сөздерді айт?
3. «Ұстаз – екінші ата-анаң» деген ұғымның мәнін ашуға әрекет жаса.



**1-тапсырма.** Сурет негізінде сөйлем құрастыр.



**2-тапсырма.** Сөйлемді толықтыр.

Менің алғашқы ұстазым \_\_\_\_\_  
 Менің алғашқы ұстазым \_\_\_\_\_  
 Менің алғашқы ұстазым \_\_\_\_\_  
 Менің алғашқы ұстазым \_\_\_\_\_



**3-тапсырма.** Мақалдарды көшіріп жазыңдар.  
 Дауыссыз дыбыстардың астын сыз.

Баланың бас ұстазы – ата-ана.

Ұстазы талантты болса,  
 Шәкірті талапты болады.

Ұстазы жақсының ұстамы жақсы.



## 97-сабақ. Мектеп

Мектеп деген білім кені, жыр кені,  
 Мектеп деген ғылымның ең үлкені.  
 Мектеп деген тәрбиеші адамға,  
 Мектеп деген даналардың мекені.

Мектеп, мектеп, менің жарқын көңілім,  
 Мектеп, мектеп, шаттық толы өмірім.  
 Мектеп, мектеп, әнім болып төгілдің,  
 Мектеп, мектеп, анам боп та көріндің.



1. Өлең не туралы?
2. Мектепке барудан мақсатың не?
3. Мектеп – екінші үйім дегенде нені түсінесің?



**1-тапсырма.** Сурет негізінде мәтін құрастыр.  
 Мәтінді «Бұл менің – мектебім».... деген  
 сөйлемнен баста.



**2-тапсырма.** Кестені толтыр.

Мектеп ережелерін білесің бе?	Мектеп құндылықтары дегенде нені түсінесің?	Мектепке барудан мақсатың не?





**3-тапсырма.** Сөйлемді толықтыр.

Мектепте мүмкін емес: \_\_\_\_\_, \_\_\_\_\_,  
 \_\_\_\_\_, \_\_\_\_\_, \_\_\_\_\_, \_\_\_\_\_.  
 Сабақта мүмкін емес: \_\_\_\_\_, \_\_\_\_\_,  
 \_\_\_\_\_, \_\_\_\_\_, \_\_\_\_\_, \_\_\_\_\_.

## 98-сабақ. Анадан



– Апа, көкем кімнен туылған?



– Анадан.



– Әжем кімнен туылған?



– Анадан.

– Атам кімнен туылған?



– Анадан.



– Бабам ше?

Ол да анадан.



– Ту-у-у,



Дүниенің барлығы

Туылған ба анадан?!



– Айналайын құрттай боп



Соны білген баладан!..

*Мекембай Омарұлы*



**1-тапсырма.** Суретке қарап сұрақтарға жауап бер.





1. Суретте кім бейнеленген?
2. Ол біз үшін кім?



**2-тапсырма.** Өлең жолдарын жалғастыр. Қажетті сөздерден пайдалан.

бақ гүлім

**Анам менің мейірімді**

сабырлы

Анам менің \_\_\_\_\_

Анам менің \_\_\_\_\_

қамқорым

Анам менің \_\_\_\_\_

ақылшым

Анам менің \_\_\_\_\_

Анам менің \_\_\_\_\_

қолдаушым

Анам менің \_\_\_\_\_

қорғаушым

Анам менің \_\_\_\_\_

Анам менің \_\_\_\_\_

бақытым

шаттығым

46



**3-тапсырма.** Сәйкестендір. Сөйлемді көшіріп жаз.

Атам

қорғаушым

Анам

асқар тауым

Әкем

ақылшым

Әжем

мейір бұлағы

Ағам

бақ гүлім

Әпкем

сүйенішім



## 99-сабақ. Отан туралы

Мен оның түнін сүйем, күнін сүйем,  
Ағынды өзен, асқар тау, гүлін сүйем,  
Мен оның қасиетті тілін сүйем,  
Мен оның құдіретті үнін сүйем.

Бар жәндігін сүйемін қыбырлаған,  
Бәрі маған: «Отан!» деп сыбырлаған  
Жаным менің,  
Кеудемді жарып шық та,  
Бозторғайы бол оның шырылдаған!  
Отан!  
Отан!  
Бәрінен биік екен.  
Мен оны мәңгілікке сүйіп өтем.

*Мұқағали Мақатаев*



1. Өлең не туралы?
2. Отан дегенде нені түсінесің?
3. Отан сөзіне мағыналас сөздерді айт?



**1-тапсырма.** Сөздерді буынға бөліп жазыңдар.  
Қандай сөздерді тасымалдауға болмайды?

Отан, тілін, үнін, гүлін, Бозторғай, мәңгілікке.



**2-тапсырма.** Отан сөзіне синквейн (бес жолды өлең) құра.

1. Зат есім.
2. екі сын есім.
3. үш етістік.
4. 4 сөзден құралған сөйлем.
5. Зат есімге мағыналас сөз.



**3-тапсырма.** «Отан туралы» өлең жолдарындағы тасымалданбайтын сөздерді көшіріп жазыңдар.



## 100-сабақ. Табиғат



**1-тапсырма.** Сурет негізінде мәтін құрастыр және тақырып қой.



48

Табиғат біздің анамыз,  
Жер-Ана біздің панамыз.  
Таза болса табиғат  
Біз де аман боламыз.



**2-тапсырма.** Өлеңдегі кім? не? сұрақтарына жауап беретін сөздерді теріп жазыңдар.



**3-тапсырма.** Төмендегі сөздерге дыбыстық талдау жаса.

Анамыз

Панамыз




# 101-сабақ. Мезгілдер



**1-тапсырма.** Сурет негізінде мәтін құрастыр.  
**Жыл мезгілдері**



**2-тапсырма.** Мезгілдердің өзіне тән ерекшеліктерін айт.




**3-тапсырма.** Кестені толтыр.

Жаз	Күз	Қыс
Күн ыстық		
Маусым, шілде, тамыз		
Жеміс-жидектер піседі		




## 102-сабақ. Достық




Мен сенімен дос болғым келеді. Сен менімен дос болғың келе ме?




?



Ол үшін сен білімді болуың керек. Ол үшін не істеуің қажет?



?



Жарайсың мен саған сенемін. Ал, балалар, сендер Айжанға көмектесе аласыңдар ма?

50



**1-тапсырма.** Өлең жолдарын жалғастыр.

Менің досым

Менің досым \_\_\_\_\_

Менің досым \_\_\_\_\_

Менің досым \_\_\_\_\_

Менің досым \_\_\_\_\_



**2-тапсырма.** Адамның досы кімдер және нелер болуы мүмкін? Өз ойыңды дәптерге жаз.



## 103-сабақ. Мақал сөздің мәйегі

### Мақал сөздің атасы


Мақал да тақпаққа жақын салт-санасына жақын айтылатын пікірлер. Тақпақтан гөрі мақал маңызды, шыны келеді.

Мәтел дегеніміз кезіне келгенде кесегімен айтылатын белгілі сөздер. Мәтел мақалға жақын болады. Бірақ мақал тәжірибеден шыққан ақиқат түрінде айтылады. Мәтел ақиқат жағына қарамай әдетті сөз ретінде айтылады.

*Ахмет Байтұрсынов*



**1-тапсырма.** Марғау ойнаған жіпті дұрыс орасаң, әжейдің айтқан мақалын оқисың. Мақалды көшіріп жаз.



**2-тапсырма.** Көшіріп жаз.

Көп біріксе – ел болар,  
Көп тілегі – көл болар.

Ел ағасыз болмас,  
Тон жағасыз болмас.

Туған жер – алтын бесік.



**3-тапсырма.** Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып жаз.

... көрген оқ жонар,  
... көрген тон пішер.

... қорқақ, қол батыр.



## **104-сабақ. Балалардың білім туралы мақал айтысы**

– «Оқу – білім азығы»  
Дегеннің жоқ жазығы.  
– Іліп алып кетейін:  
«Білім – ырыс қазығы».

– «Білімдінің белгісі:  
Білегі еш талмайды».  
– «Білімсіздің белгісі:  
Білгенінен қалмайды».

– «Мыңнан астам көзі бар  
Білімдінің өзі – нәр».  
– «Бөзін емес, алсаңыз  
Білімдінің сөзін ал».

– Тістердей бар тілімді,  
Білмей сөзден тосылдым...  
– «Білмесендер білімді,  
Білгендерге қосылғын!..»

*Мекембай Омарұлы*



**1-тапсырма.** Өлеңдегі мақалдарды көшіріп жаз.



**2-тапсырма.** Көп нүктенің орнына тиісті сөзді қойып, көшіріп жаз.

Күш ..., білім ... .  
... – тозбайтын тон,  
... – таусылмайтын кен.  
Наданмен ... болғанша,  
.... дос бол.  
Оқусыз ... жоқ,  
Білімсіз ... күнің жоқ.

ақыл

кітапта

кітаппен

білімде

білім

күнің

білім

дос



## 105-сабақ. Мақал-мәтелдердің түрлері

1. Отан, туған жер, ел-халық туралы.
2. Ер, ерлік батырлық туралы.
3. Еңбек, байлық, кәсіп-нәсіп туралы.
4. Қырағылық пен сақтық туралы.
5. Ұрлық, ұят, ынсап, пейіл туралы.
6. Адалдық, адамгершілік, достық, ізгілік, ынтымақтық туралы.
7. Жанұя, туыстық қатынастар туралы.
8. Жан-жануарлар, төрт-түлік мал туралы.
9. Салт-дәстүр, әдет-ғұрып туралы.
10. Ілім, білім, өнер туралы.
11. Тәлім, тағлым, тәрбие туралы.
12. Денсаулық, ас-дәм, сергектік, тазалық туралы.
13. Қыран құс, құмай тазы, аңшылық туралы.



**1-тапсырма.** Сандарды сөзбен көшіріп жазыңдар және сан есімдердің астын сызыңдар.

7 өлшеп 1 кес.

100 жүйрік,

1000 тұлпар.

Білегі күшті 1-ді жығады.

Білімі күшті 1000-ды жығады.

Білгенің 1, 9,

Білмегенің 99.



**2-тапсырма.** Мақалдардағы бір әріптің өзгеруінен жаңа мағына пайда еткен сөздерді көшіріп жазыңдар.

54

Шешеннің сөзі мерген,  
Шебердің көзі мерген.

Өнер алды бірлік,  
Ырыс алды тірлік.

Ақыл көпке жеткізер,  
Өнер көкке жеткізер.

## 106-сабақ. Оқу инемен құдық қазғандай



Айдана мен Әлинұр кітапханаға барды. Әлинұр «Қазақ мақал-мәтелдері» атты кітапты алды. Олар «Оқу инемен құдық қазғандай» деген мақалдың мазмұнын Айнұр апайдан сұрады.



«Айнұр апай не деп жауап берген», – деп ойлайсыңдар?

Пікірлеріңді дәптерге көшіріп жазыңдар.



**1-тапсырма.** Көп нүктенің орнына тиісті сөзді қойып жаз.

Оқу – білім ... .

бұлағы

Қына тасқа бітеді,  
Білім ... бітеді.

оқу

басқа

... – тозбайтын тон.  
Білім таусылмайтын кен.

Оқу инемен ... қазғандай.

құдық



## 107-сабақ. Мені ойлантырған сөздер

Бірде Асан атасына:

– Ата, осы мақал-мәтелдер қайдан туған? – деп сұрақ қойды.

Атасы:



– «Мақал-мәтелдер» халықтың тұрмыс-тіршілігі, сөз өнері, тапқырлығы, даналығы, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінінен туған, – деп жауап берді.

– Иә, дұрыс айтасыз ата, – деп мақал-мәтелдерді айта кетті.



**1-тапсырма.** Кестені толықтыр.

Атаның жауабы	Менің ойым
«Мақал-мәтелдер» халықтың тұрмыс-тіршілігі, сөз өнері, тапқырлығы, даналығы, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінінен туған.	



**2-тапсырма.** Мақалдарды суретке сәйкестендір.

56



Спорт – денсаулық кепілі.



Кітап білім – бұлағы.



Бала – ананың бауыр еті.



Ердің атын еңбек шығарады.



**3-тапсырма.** Отбасы мүшелері көмегінде білім, оқу-өнер туралы мақал-мәтел жаз.



## 108-сабақ. Бірлік болмай – тірлік болмас!



Бірде әкесі балаларын шақырып, әрбір баласына бір шыбықты сындыруды айтады. Бұл жұмысты балалар лезде орындайды.

– Ендеше мына бір уыс шыбықтардың бәрін бірден сындырып көріңдер, – деп тапсырыс береді.

– Балалары бұл шыбықтардың бәрін бір уақытта сындыру өте қиын екенін және сындыра алмағанын айтты. Сонда атасы:

– Көрдiңдер ме, балаларым, «Бірлік болмай – тірлік болмас» деген мақал осыдан келіп шыққан, – деді.



1. Мәтінде не туралы айтылған?
2. Мәтіндегі негізгі ойды айтып көр?
3. Сендер де «Ынтымақ, бірлік» туралы басқа мақалдар білесiңдер ме?



**1-тапсырма.** Мақалды жалғастыр.

Бірлік еткен ...

Бірлеспеген ....

Қажетті сөздер: тозар, озар



**2-тапсырма.** Сөйлемде қатар келген дауыссыз дыбыстарды тауып, астын сыз.

– Ендеше, мына бір уыс шыбықтардың бәрін бірден сындырып көріңдер, – деп айтады.

## 109-сабақ. Еңбекпенен ел көгерер

### (Ертегі)



Ерте заманда ағайынды төрт жігіт болыпты. Олардың үшеуі бірінен бірі өткен кер жалқау, шаруаға қыры жоқ берекесіз екен. Ал ең кішісі еңбексүйгіш, малжанды көрінеді. Сыншыл жұрт ағайынды төртеудің мінезіне қарай оларға жанама ат қойып, айдар тағыпты.

Жалқаулардың ең үлкені құрай басын сындырмай, шалқасынан жатып алып, шырт түкіріп қойып, малын санауға айдатыпты. Сондықтан оны «Туу сонау» деп атапты. «Малымды байқай сал, көре сал» деп өткен-кеткендерге тапсырып қана, өзі үйінде жүретін жалқауға «Көресал» деген ат беріліпті. Малына тек сырттай қамқорсып, «айдай сал» деп, көрінгенді жұмсай салатын жігіт «Айдай сал» атаныпты.

Ағайындардың кенжесі айранын ұрттап, қойын құрттап, малын өзі бағыпты.

Бір жұтта «Туу сонаудың» малынан түк қалмапты. «Көре салдың» малы көп өліпті. «Айдайсалдың» да малы аз қырылмапты.

Ал өзі бағып-күткен еңбекқор жігіттің малы жұтамай, қыстан аман шығып, елін аштықтан құтқарыпты.

«Еңбекпенен ел көгерер» деген нақыл осыдан қалыпты деседі халық.



1. Ертегі не туралы?
2. Ертегідегі кенже баланың ағаларына ұқсағың келе ме?
3. Қай жігіттің ісін дұрыс деп ойлайсың?

### Сөздікпен жұмыс:

Кер жалқау – қырсық, қыңыр жалқау.

Айдар тағу – ат қою.

Жұт – қыс қатты болғанда аштықтан, суықтан малдың қырылуы.



**1-тапсырма.** Сәйкестендір. Мақалдарды көшіріп жаз.

Еңбегің қатты болса	өнбегі аз.
Еңбегі аздың	Еңбекпенен ел көгерер.
Жаңбырменен жер көгерер	Татқаның тәтті болады.
Жігіттің түсін айтпа	таусылмайды.
Еріншектің ертеңі	ісін айт.



**2-тапсырма.** Буындарды бірлестіріп сөз, сөздерден сөйлем құрастыр.

ер

дің

көрі

Ең

бек

кі

ел

кі

Ер

дің

көр



**3-тапсырма.** Буынға бөліп жаз.

Еңбек қылсаң ерінбей,  
Тояды қарның тіленбей.



## 110-сабақ. Ас адамның арқауы



Аспаз ағай, денсаулығымыз мықты болуы үшін дұрыс тамақтану қажет пе?

Иә, адамның денсаулығы мықты болуының бір жолы бұл дұрыс тамақтану.



Дұрыс тамақтану кезінде неге көңіл бөлу керек?

**Есте сақта!**

Тамақты сораптамай іш.  
Тамақ ішіп отырғанда көп сөйлеме.  
Іззеттілік сөздерін айтуды ұмытпа.



60



Балалар, сендер не деп ойлайсыңдар, дұрыс тамақтануда тағы да нелерге көңіл бөлу қажет?



**1-тапсырма.** Жасырынып тұрған ас атауларын тауып жаз.

о	н	ө	д	у	л
ш	а	й	р	ұ	з
қ	н	ү	м	а	й
к	ә	м	п	и	т
т	о	қ	а	ш	е



**2-тапсырма.** Буындарды бірлестіріп мақал құрастыр.

ЕЛ

АС

ҚҰ

ТЫ

ДІҢ

## 111-сабақ. Жаман жолдас



Екі дос кісі жолда келе жатып, бір аюға ұшырапты. Бұл екі кісінің біреуі әлсіз, ауру екен, екіншісі мықты жас жігіт, аюды көрген соң бұл жігіт, ауру жолдасын тастап, өзі бір үлкен ағаштың басына шығып кетті дейді. Ауру байғұс ағашқа шығуға дәрмені жоқ, жерге құлады да созылып, өлген кісі болды да жатты: есітуі бар еді, аю өлген кісіге тимейді деп. Аю бұл жатқан кісінің қасына келіп иіскелеп тұрды да, дыбысы білінбеген соң тастап жөніне кетті. Мұнан соң манағы жолдасы ағаштан түсіп, аурудан сұрапты:



- Досым, аю құлағыңа не сыбырлап кетті?
- Ауру айтты дейді:
- Аю құлағыма ақыл сыбырлады, екінші рет тар жерде жолдасын тастап қашатын достармен жолдас болма деді, – дейді.

*Ыбырай Алтынсарин*



1. Әңгіме не туралы?
2. Сен осындай жағдайға түссең не істер едің?
3. «Жаман жолдас» әңгімесінің мазмұнына сәйкес қандай мақалдарды білесің?



**1-тапсырма.** «Жаман жолдас» әңгімесінің мазмұнына сәйкес мақалдарды теріп жаз.

**Үлгі:** Жолдас жолдасқа  
Қиянат еткен оңбас.

Ас – адамның арқауы.

Жігіт жолдасынан белгілі.

Көңіл қазы – көз таразы.



**2-тапсырма.** Көркем жаз.

Жақсымен жолдас болсаң жетерсің – мұратқа,  
Жаманмен жолдас болсаң қаларсың – ұятқа.



**3-тапсырма.** Мақалдың жалғасын тап.

Асылдың бірі – ...

**Қажетті сөздер:** ардың ісі, адалдық,  
адамдық.



## **112-сабақ. Жақсыдан үйрен – жаманнан жирен**

Жақсылықты үйреніп,  
Боламыз біз жақсы адам.  
Жамандықтан жиреніп,  
Үлгі аламыз жақсыдан.





**1-тапсырма.** Суретке қарап қайсы балаға ұқсағың келеді.



**2-тапсырма.** Кестені толықтырып жазыңдар.

Үйрен	Жирен
Ұқыптылық, адалдық, мейірімділік, адамдық ...	Жалқаулық, сараңдық ...



**3-тапсырма.** Адасқан сөздерді өз орнына қойып жазыңдар.



## 113-сабақ. Мен не үйрендім?



**1-тапсырма.** Сұрақтар мен тапсырмалар.

- Ана тілі дегеніміз не?
- Әлемде қандай тілдер бар?
- Қандай сөздерді өлең болатын сөздер деп атауға болады?



- Өлеңнің бірінші сөзі қандай әріптен басталып жазылады?
- Қандай мақал-мәтелдерді үйрендің?
- Мақал – мәтелдер қайдан туған?



**2-тапсырма.** Берілген сөйлемнен тасымалданбайтын сөздерді теріп жазыңдар.

Аю құлағыма ақыл сыбырлады, екінші рет тар жерде жолдасын тастап қашатын достармен жолдас болма деді, – дейді.



**3-тапсырма.** Кестеден мақалды тап.

н	а	н	е	л	і	п
а	р	д	а	қ	т	ы
б	а	й	д	ы	ң	с
а	с	ж	е	р	і	а
п	а	с	т	б	а	й



**4-тапсырма.** Айданаға кітапхана есігін ашу үшін құлып сөзді табу керек. Көшіріп жазыңдар.

1	2	3
Ай	На	тіл
4	5	6
Сы	Кө	ңіл
7	8	9
Дің	Шай	тау

**Қажетті сандар:** 3567124



# VI ТАРАУ. ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯЛАР. АЙ МЕН ЖЕР





## 114-сабақ. Аспан – әлем күмбезі

Аспан – әлем күмбезі.  
Сырлы емес кімге өзі?  
Дүниені оятып,  
Күлімдейді күн көзі.



Түнде жанар шырағы,  
Айдың да аспан – тұрағы.  
Сәуле шашып, бар жақты,  
Жап-жарық қып тұрады.



Түкті білмес атанбай,  
Дәл Ұлықбек атамдай.  
Қарап қойып Шолпанға,  
Жүретін жақсы жол таңда.



*Мекембай Омарұлы*


66



1. Аспан аясында нелер бар?
2. Күн қай кезде шығады?
3. Ай қашан көрінеді?
4. Шолпан жұлдызы ше?



**1-тапсырма.** Суретке қарап аспан денелерін айт.



аспан



көл




бұлт



теңіз



ай



күн



өзен



жұлдыз



**2-тапсырма.** Жұмбақтардың шешімін тап.  
Көркем жаз.

Төрінде тұр нұр көзі,  
Жердің биік күмбезі. (...)

Орақ болып туады,  
Табақ болып тынады. (...)

Күндіз білінбейді,  
Түнде күлімдейді. (...)



**3-тапсырма.** Түсіп қалған әріптерді тап.  
Сөйлемдерді көшіріп жаз.

К ... н, же ..., ай аспан ... леміндегі  
ғалам...арлар. Жерде ... ана ... іршілік б..р.

## 115-сабақ. Жер



Жер – аспан әлеміндегі сансыз  
ғаламшарлардың бірі.

Көлемі жағынан одан үлкен де кіші де сан  
мыңдаған ғаламшарлар бар. Ең бастысы,  
солардың ішінен Жерде ғана тіршілік етуге  
болады. Жердің пішіні кәдімгі допқа ұқсайды.



Жердің Күнді айналуы кезінде жылдың мезгілдері өзгеріп отырады. Жердің бір бөлігі Күн жаққа қараған кезде оған шуақ мол түседі. Бұл жаз мезгіліне сай келеді. Күннен алыстаған сайын Жерге түсетін шуақ азаяды. Яғни қыс түседі. Көктем мен күз кезінде Күн шуағының қызуы орташа мөлшерде болады.

*«Ол кім? Бұл не?» кітабынан*



1. Жер дегеніміз не?
2. Жердің пішіні неге ұқсайды?
3. Жыл мезгілдері қай кезде өзгеріп тұрады?



**1-тапсырма.** Нүктелер орнына тиісті сөздерді қойып оқы, дәптерге көшіріп жаз. Қайсы сөйлем түрлері қатысқанын айт.

68

– Кім жомарт?  
– ..... жомарт –  
Халық үшін жанын берген!  
– Кім жомарт?  
– ..... жомарт.  
Бар балаға тәлім берген.  
– Не жомарт?  
– .....жомарт?  
Адамзатты асыраған!  
– Не жомарт?  
– ..... жомарт –  
Жерге нұры шашыраған.

*Мұзафар Әлімбаев*

**Қажетті сөздер:** күн, батыр, жер, ұстаз.



**2-тапсырма.** Мәтіннен «жер» сөзі қатысқан сөйлемдерді көшіріп жаз.



**3-тапсырма.** Суретке қарап «Жер-анаға» хат жаз.



## 116-сабақ. Күн, Ай, Жұлдыз




және






үшеуі келе жатып,

жолдың шетінде отырған  көреді.

– Иә, балақай, кімді күтіп отырсың? – деп, сұрайды үшеуі.



– Ешкімді күтіп отырған жоқпын, аяғыма тікен кіріп, жүре алмай отырмын – дейді 

Бұлар  аяп кетеді. Алдымен  көмекке ұмтылады.

Бірақ оның көмескі жарығына тікен көрінбейді. Енді  кіріседі. Ол да тікенді ала алмайды.

Кезегі келгенде  айналаны жарқыратып жібереді.



«Таптым!» деп,  тікенді өзі-ақ суырып алады. Риза болған  үшеуіне де алғысын білдіреді.



1. Ертегі не туралы? Ертегіге тақырып қойыңдар.
2. Ертегіде балаға қайсы аспан денелері көмектесті?
3. Аспан денелері туралы дереккөздерден материал топта.



**1-тапсырма.** Күннің сипатын білдіретін сөздерді тап.




**2-тапсырма.** Мәтіннен пайдаланып берілген үзіндідегі нүктелердің орнына тиісті сөздерді қойып жаз.

Алды ... мен көмекке ... ұмтылады. Енді ... кіріседі. Кезегі келгенде ... айналаны жарқыратып жібереді.



**3-тапсырма.** Берілген жұмбақтардың жауабын тап. Дауысты және дауыссыз дыбыстарын ажыратып жаз.

Таңда таудан шығып келе жатады.  
Кеш болғанда, қып-қызарып батады. (...)



Жымың-жымың етеді,  
Күн шықса құрып кетеді. (...)

Сәулесімен жарық қып айналаны,  
Жерді, Күнді жалғыз-ақ айналады. (...)

## 117-сабақ. Ай мен күн туралы ертегі



Бұрынғы заманда Ай мен Күн деген екі ағайынды болыпты. Екеуі де елін найзаларының ұшымен, білегінің күшімен қорғап жүрген батырлар. Екі ағайынды бір елді басқарып отырған ханның ұлдары еді.

Ай үйдің кенжесі болғандықтан ата-аналарының сүйікті баласы болады. Сол себептен де екі батырдың әкесі оларға өз хандығын бөліп беретін кезде, жердің көп бөлігін кіші ұлына береді екен. Алайда Айға бұл жердің көлемі жеткіліксіз болады. Әрдайым өз қалағанын алып үйренген Ай Күннің жерін өзіне тартып алуға шешім жасайды. Айдың жанындағы кеңесшілері оның шешімін қанша өзгерткілері келгенімен, Ай өз айтқанынан қайтпайды.

Сонда әкесі:



– Дауласқанмен пайда жоқ, – деп ай мен күнге уақытты бөліп берген екен. Содан бері күн мен ай кезекпен жерді қорғайды екен.



1. Ай мен күн неге таласты?
2. Әкенің шешімі қалай болды?
3. Әкенің шешімінен соң күн мен ай уақыттарын қалай бөліскен деп ойлайсың?



**1-тапсырма.** Айдың сипатын білдіретін сөздерді тап.



**2-тапсырма.** Берілген сөйлемдердегі дауысты дыбыстардың астын сыз.

72

Бұрыңғы заманда Ай мен Күн деген екі ағайынды болыпты. Екеуі де елін найзаларының ұшымен, білегінің күшімен қорғап жүрген батырлар болыпты. Екі ағайынды бір елді басқарып отырған ханның ұлдары болыпты.



**3-тапсырма.** Төмендегі сөздерді тасымалдап жаз.

**Үлгі:**

1-кенжесі  
кен-жесі  
кенже-сі

2-ұлдары  
ұл-дары  
ұлда-ры

батырдың

күшімен

заманда

ханның





## 118-сабақ. Қайдан келген?



Ата, осы адамдар кір жуатын машинаны қайдан алған?

Дүкеннен алған.



Ал, дүкенге қайдан келген?

Дүкенге зауыттан келген.



Зауытқа қайдан келген?

Зауытта оны жұмысшылар істеп шығарады.



Мұның бәрі ғылым және технологиялардың арқасында ойлап табылған заттар. Адамның жұмысын жеңілдету мақсатында ойлап табылған ойдың жемісі болып саналады.



**1-тапсырма.** Берілген мақал-мәтелдердің қайсысы мәтін тақырыбына сәйкес.

Туған жер – алтын бесік.  
Отан – отбасынан басталады.  
Ғылым – теңіз, білім – қайық.  
Еңбек пен бақыт – егіз.




**2-тапсырма.** Сөз немесе сөз тіркестерін мағынасына қарай сәйкестендір.

Ғылымды сүйю	қызмет етемін.
Ғалымдар –	мақсатыңа жетерсің.
Ғылымды дамытуға	мектептен басталады.
Талмай ізденсең	зор үлес қосты.
Еліме пайдалы	терең ойлы, ерекше қабілетті адамдар.

74




**3-тапсырма.** Суреттерге қарап «Ғылым мен техниканың соңғы жаңалықтары» тақырыбында мәтін құрастыр.



## 119-сабақ. Өткен күнге бір елес!



Электр энергиясын істеп шығару үшін бірінші жел трубинысы Америкада 1888 жылда Чарльз Брач құрастырған. Өткен жүз жыл барысында оны нығайтқан.



19-ғасырдың бастарында пайда болған техникалар бүгінгі таңда қолданылатын техникаларға мүлде ұқсамайды. Мәселен, тас және ғыштан-кірпіштен жасалған пештер кейін отын немесе көмір қаланып жазылатын пештер пайда болған. Бірінші газ пештері 19-ғасырдың соңы 20-ғасырдың басында пайда болған.



– Не деп ойлайсыңдар ұсталар жаратқан техникаларды қайта істеп шығуда қандай жетістікке қол жеткізді?



**1-тапсырма.** Кестені толтыр.

Ілгері	Бүгінгі таңда
Ғыш немесе тастан жасалған	Металдардан жасалған
Пішіні:	Пішіні: әдемі
Көлемі:	Көлемі: шағын
Пайдалануға:	Пайдалануға: оңай



**2-тапсырма.** Мәтіннен пайдаланып түсіп қалған сөздерді тап.



Электр энергиясын істеп шығару үшін бірінші ... турбинасы Америкада 1888 ... Чарльз Брач ...

Өткен ... жыл барысында оны нығайтқан.



**3-тапсырма.** Берілген жұмбақтарды көшіріп жаз және шешімін тап.

Аса қажет өмірге халық үшін  
Пайдаланамын күн сайын жарық үшін. (...)

Жоқ болмайды ешқашан  
Түрлендірсең егер де  
Басқа үйге ауысса  
Жұмыс істейді әрқашан. (...)

76



## 120-сабақ. Бұл қызық!

Радио 1895 жылы жаратылған, дегенмен дыбыс желісі өте төмен еді. Кейіннен жаратылған радиолардың көлемі шағын, дыбыс желісі жоғары болды.


Адамдар мәліметтерді сақтаудың жаңа әдістерін ойлап тапты. Олар телевизор, телефон, фото және видео камералар, компьютерлер жаратты.

Компьютер, телефон және арнаулы құрылғылар көмегімен интернет жүйесіне байланысу негізінде технологияларға тиісті жаңалықтардан хабардар болу мүмкіндігі пайда болды.






1. Мәтін не туралы?
2. Бұлардан тыс адамдар тағы қандай жаңалықтар жаратты?
3. Адамдар жаратқан жаңалықтардың пайдасы туралы айт?



**1-тапсырма.** Суретке қарап артықша затты тап. Оның пайдасы мен зияны туралы айт.



**2-тапсырма.** Берілген мәтіннен не? деген сұраққа жауап беретін сөздерді көшіріп жаз. Оларды зат есімнің көпше түріне айналдыр.

**Үлгі:** Не?: теледидар – теледидарлар,



**3-тапсырма.** «Телефон арқылы байланыс жасау» тақырыбында диалог құра.



## 121-сабақ. Компьютер

Пернетақта алдыңда,  
Дәу монитор тұр қарап.  
Көп шаруаны атқарар,  
Компьютер бұл ғажап.

Керек емес қаламың,  
Жазуды да жазады.  
Қарындаш пен бояусыз,  
Суретті де салады.

Талай шаруа бүгінде,  
Компьютерсіз бітпейді.  
Керек десең ол тіпті,  
Том-том кітап жүктейді.

Ғаламторға жалғасаң,  
Жоқ онымен таласың.  
Бар сұраққа бір демде,  
Миллион жауап аласың.

Бірақ, байқа, балақай,  
Оның да бар зияны.  
Соны білген ата-анаң,  
Кейде сені тияды.



1. Өлең не туралы?
2. Компьютер не үшін қажет?
3. Сен компьютерден пайдаланасың ба?
4. Не мақсатта пайдаланасың?





**1-тапсырма.** Компьютердің пайдалы және зиянды жақтарын мұғалімнің көмегімен айт және жаз.



**2-тапсырма.** Жұмбақты көшіріп, шешуін тап.

Бар нәрсеге жетік,  
Миы күшті тетік.  
Ол арқылы сөйлесіп,  
Кетесің шетелге де өтіп. (...)



## **122-сабақ. Білім керек бәріне**

Корабльді басқарсам,  
Көк жүзіне самғасам,  
Тауды бұзып, тас жарып,  
Мұхиттарды жылғасам,

Таңдандырар бар елді  
Ғажап үйлер сала алсам.  
Сырлары көп ғылымның  
Шешілмеген әлі де.

Тереңдігі білімнің  
Керек екен бәріне.

*Фариза Оңғарсынова*



1. Өлең не туралы?
2. Өлеңде қайсы кәсіп иелері қатысқан?
3. Сен қайсы мамандықты таңдайсың?
4. Сен таңдаған мамандықтың жетістіктерін білесің бе?



**1-тапсырма.** Суретке қарап қайсы мамандық иесі екенін айт.



**2-тапсырма.** Мақал-мәтелдерді дәптерге көшіріп жаз.

Диқан бабаның кетпенінен,  
Шопан атаның таяғынан.

Ұстаның бізі сүйкімді,  
Жақсының сөзі сүйкімді.



**3-тапсырма.** Жұмбақты көшіріп, шешуін тап.

Аспандағы жұлдызды,  
Сырын білер күн бұрын.  
Телескопқа терміліп,  
Рәсуә етпес бір күнін.

Отырады қадалып,  
Нақты іске адал, нық.  
Ол ашқан бар жаңалық,  
Мезетте кетер таралып.

(...)







## 123-сабақ. Ғарышкер ағалар



Көк аспанға қараймын,  
Жұлдыздарды санаймын.  
Осынша көп моншақты  
Төгіп кеткен қалай кім?  
Жарқырайды, лаулайды,  
Бірақ жерге жаумайды.  
Батыр жандар тағатын  
Жұлдызшадан аумайды.  
Таң атып, Күн жеткенде,  
Таң қалам «Бар жұлдызды  
Біреу алып кеткен бе?»  
Маған жұмбақ Күн елі,  
Тұңғиықтың түнегі ...  
Ал ғарышкер ағалар.  
Соның бәрін біледі.  
Шарлап олар Күнді, Айды,  
Жұлдыз әнін тыңдайды.  
Байқоңырдың төсінен  
Корабльдер зулайды.


*Фариза Оңғарсынова*



1. Ғарышкер ағалар қандай жұмыс атқарады?
2. Не деп ойлайсың ғарышкер болғаның да бірінші жұмысты неден бастар едің?



**1-тапсырма.** Сәйкестендір. Ғарышқа не үшін ұшады? Ойтолғаныс.



ғарыш



ғарыш кеме



ғарышайлақ



**2-тапсырма.** Жұмбақты көшір және шешуін тап.

Ұшады қанатсыз,  
Зырылдайды аяқсыз. (...)

82



**3-тапсырма.** Көркем жаз.

Тоқтар Оңғарбайұлы Әубәкіров 1991 жылы 2-қазанда ғарышқа ұшты. Онда Арал теңізі аймағы бойынша зерттеу жұмысын жүргізді.



**124-сабақ. Мен не үйрендім?**

Жұлдыз көкке тігілді,  
Аспаннан ай үңілді.  
Бетіндегі гүл ме екен,  
Мені көріп тұр ма екен?  
Қарап тұрған өзі ме,  
Әлде түннің көзі ме?

*Мадина Байсариева*



1. Өлең не туралы?
2. Өлеңде қайсы аспан денелері қатысқан?



**1-тапсырма.** Төркөздегі сөздерді тап. Көшіріп жаз.

а	к	о	м	п	ь	ю	т	е	р
с	к	ү	а	й	ж	ұ	л	ғ	ы
п	ж	н	б	ұ	л	т	д	к	л
а	е	ұ	с	т	а	з	ы	ө	ы
н	р	ғ	а	р	ы	ш	з	л	м



**2-тапсырма.** Жұмбақтардың шешімін тап. Дәптерге көшіріп жаз.

Жануарға ұқсас атым бар  
 Бағдар көрсетер затым бар  
 Кілемше үстінде тұрамын  
 Ең қажетті құралмын  
 Білсеңдер қане айтыңдар (...)



**3-тапсырма.** Суретке қарап мамандық атауларын ата және жаз.



# VII ТАРАУ. ОҚУ ЖЫЛЫ СОҢЫНДА ӨТКЕНДЕРДІ ҚАЙТАЛАУ





## 125-сабақ. Менің отбасымдағы адамдар



**1-тапсырма.** Сөзжұмбақты шеш.

	1	О			
2		Т			
	3	Б			
	4	А			
5	Т			С	
6	Қ			Ы	

1. ... отбасынан басталады.
2. Әкеңнің әкесі – ...
3. Сен әкеңе кім боласың?
4. Мейірімді жан?
5. Ағайынды адамдар бір-біріне ... .
6. Ұлдан кіші қыз бала – ... .



**2-тапсырма.** Берілген мәтінді түсініп оқы.

### Ата-ананы құрметтеу

Ей, перзентім, ата-анаңды ешқашан ренжітуші болма... Олардың көңіл-күйіне қаяу салып, қапаландырмағын.

Сені жан-тәнімен жақсы көріп, тәрбиелеп жүрген ата-анаңның көңілін қалдыратын құрттай іс жасасаң, сен ешбір жақсылыққа лайықты жан емессің. Өйткені кімде-кім ата-анасының жақсылығын білмесе, басқа біреудің жақсылығын да бағаламайды. «Егер сен перзентім мені құрметтесін десең», сен де ата-

анаңды құрметте. Сен ата-анаңа не істесең, саған перзентің де соны жасайды. Перзент жеміске, ата-ана жеміс ағашына ұқсайды. Жеміс ағашын жақсы күтсең жемісі де дәмді болады. Сол сияқты ата-анаға деген іззет, құрметінді аямасаң – саған деген олардың ізгі тілегі қабыл болады.

*Қабуснама*

**Сөздікпен жұмыс:**

Перзент – бала.

Парасат – сана, ақыл-ой.

Қаяу – реніш.



1. Ата-ананы құрметтеу дегенде нені түсінесің?



**3-тапсырма.** Суретке қарап өз күн тәртібің туралы айт.





**4-тапсырма.** Өз отбасыңды таныстыр.

Менің отбасым \_\_\_\_\_.

Менің отбасымда \_\_\_\_\_ адам бар.

Олар: \_\_\_\_\_.

## 126-сабақ. Қайталау



**1-тапсырма.** Сұрақтар мен тапсырмалар.

- Табиғат дегеніміз не?
- Табиғатты қалай қорғауымыз қажет?
- Жан-жануарлар әлемі жайлы не үйрендің?
- Табиғатта су айналымы дегенде нені үйрендің?












**2-тапсырма.** Мағынасы жағынан сәйкес келетін сөздерді тап және жаз.

**Үлгі:** Алма, өрік, алша, жүзім бұл – жемістер.

Ешкі, қой, сиыр, _____, _____, _____	бұл –
Түлкі, аю, қасқыр, _____, _____, _____	бұл –
Раушан, бәйшешек, _____, _____, _____	бұл –
Қалам, дәптер, _____, _____, _____	бұл –
Көйлек, орамал, сәукеле _____, _____, _____	бұл –
Қалдырғаш, қырғауыл, _____, _____, _____	бұл –



**3-тапсырма.** Суреттегі адасқан сөздерді тап және өз орнына жаз.

 <p>бала</p>	 <p>күн</p>	 <p>сиыр</p>
 <p>машина</p>	 <p>ағаш</p>	 <p>лала</p>
 <p>бұлақ</p>	 <p>бота</p>	 <p>аю</p>

## 127-сабақ. Қайталау



**1-тапсырма.** Сұрақтарға жауап бер.

### Бұл қызық!

- Неге бұлттар жерге құлап түспейді?
- Неге тау шыңындағы қарлар ерімейді?
- Қыс мезгілінде неге қар жауады?





**2-тапсырма.** Мәтінді түсініп оқы.

Су тамшылары және кристалдардан құралған бұлттар жеңіл болады, жеңіл ғана ескен желден де олар әрекетке түсе бастайды. Ауа температурасы көтерілгенде кристалдар еріп, су болып жауады.

Біз жоғарыға көтерілгенімізде ауа температурасы төмендеп барады. 3 километр биіктікте ауа температурасы суық болып, күн сәулесі түсіп тұрса да қарлар ерімейді.

Қыс мезгілінде ауа температурасы төмендейді, бұлттардағы су тамшылары мұздайды және мұзға айналады. Олар бір-біріне жабысып қар бөліктерін пайда етеді. Қар бөліктерінің салмағы артып, жерге түсе бастайды.



**3-тапсырма.** Суретті диктант.



**128-сабақ. Түрлі-түсті алмалар**



**1-тапсырма.** Мәтінді түсініп оқы.

Алмалар әр-түрлі түрге тиісті болғаны үшін олардың реңі түрліше болады. Алмалардың Антоновка түрі сары түсте, Ранетка қызыл, Гренни Смит деген түрі жасыл реңде болады.



Әрбір алма түрінің өз реңі болып, бұл табиғат немесе бағбандар алма ұрықтарының шатыстыру негізінде пайда болған.




**2-тапсырма.** Сәйкесін тап.




Антоновка түрі

Ранетка түрі

Грент Смит түрі



**3-тапсырма.** Суреттерге қарап көкөністердің атын жаз.





**4-тапсырма.** Суреттегі бір жемістің түрін таңдап, сол туралы жарнама дайында. Жарнамада суреттегі жеміс-жидектің пайдасы, оның құрамындағы дәрумендер туралы ақпарат бер.



## 129-сабақ. Жыл бойы өтілгендерді қайталау



**1-тапсырма.** Әрбір сөзді өз бағанына жаз.

Күресші, доп, спорт алаңында, футбол, спортшы, көшеде, аулада, бокс, хоккей, теннис, Нұрасыл, Тоқтар, Жамбыл, ракетка, шаңғы, Дәулет, Нұртас, Нұрислам, Айсұлу, Айжан, Гүлнұр.

Кім?	Не?	Қайда?



**2-тапсырма.** Заттың атын білдіретін сөздерді жазыңдар.



**3-тапсырма.** Сұрақтар мен тапсырмалар.

- Қандай ертегі түрлерін білесің?
- Ертегілерден қандай қорытынды алуға болады?
- Кітаптың пайдасы туралы білесің бе?
- Қонақ күту тәртібін білесің бе?



**4-тапсырма.** Мәтінді түсініп оқы және толықтыр.

Екі бала сөйлесіп отыр. Біреуі:

– Менің бір сүйікті досым бар, – деді.

Екіншісі:

– Ол кім сонда? – деп сұрады.

– Ол ма? Ол «Балдырған журналы».

Екінші бала:

– Ол адам емес қой. Қалай саған дос болады? – деп таңғалды.

– ...



**5-тапсырма.** Дыбыстық талдау жаса.

Сөз	Буын	дыбыс	әріп
кітап	2 буын	5 дыбыс	5 әріп
ертегілер			
өнер			
мәдениет			
кактус			
бүркіт			
мысық			
қонақ			



**6-тапсырма.** Сұрақтар мен тапсырмалар.

- Қандай өлеңдерді білесің?
- Мақал дегеніміз не?
- Мақал-мәтелдердің түрлерін санап өт.
- Еңбек туралы мақалдар айт.
- Мақалдар қайдан туған?



**7-тапсырма.** Берілген кестеден мақалдарды тап және көшіріп жаз.

білім	денсаулық	еңбектің	жалқаудың
жаны	бұлағы	досы	терең
ойламайды	байлық	жау	көпті
наны	алмайды	кітап	тәтті



**8-тапсырма.** Сан есім қатысқан мақалдарды жаз.

**Үлгі:** Жеті өлшеп, бір кес.



**9-тапсырма.** Сұрақтар мен тапсырмалар.

- Қандай мамандық түрлерін білесің?
- Ғылым және техниканың дамуына кімдер өз үлесін қосқан?
- Ғаламшар дегеніміз не?
- Тоқтар Оңғарбайұлы Әубәкіров қашан ғарышқа ұшты?
- Радио қай жылы жаратылған?

## Тест

**1. Бір жылда неше ай бар?**

- А) 11 ай      Ә) 12 ай      Б) 13 ай

**2. Көп нүктенің орнына тиісті сөзді қой.**

Тек қана .... тіршілік бар.

- А) жерде      Ә) айда      Б) ғаламшарда

**3. Мақалды жалғастыр**

Кісі елінде сұлтан болғанша ...


- А) алтын бесік      Ә) бай бол  
Б) Өз еліңде ұлтан бол

**4. Абайдың әжесі кім?**

- А) Ұлжан      Ә) Зере      Б) Зәуре

**5. Хан кімнің алдына келеді?**

- А) Абайдың      Ә) Жиреншенің  
Б) Ұлжанның



**6. Электр энергиясын істеп шығару үшін бірінші жел турбинасы Америкада 1888 жылда құрастырған ғалым кім?**

- А) Чарльз Брач
- Ә) Тоқтар Оңғарбайұлы
- Б) Мекембай Омарұлы

**7. «Балалардың мақал айтысы» өлеңінің авторы кім?**

- А) Мекембай Омарұлы
- Ә) Фариза Оңғарсынова
- Б) Тұманбай Молдағалиев

**8. «Білім керек бәріне» өлеңінің авторы кім?**

- А) Мекембай Омарұлы
- Ә) Фариза Оңғарсынова
- Б) Тұманбай Молдағалиев

**9. Зат есімнің сұрақтарын тап?**

- А) кім? не? Ә) қандай? Б) қайда?

**10. Дауысты дыбыстарды тап?**

- А) а, о, и, е, ү, п, д, ы, к
- Ә) ю, б, г, н, о, ж, а, е, ү
- Б) а, ә, е, ё, и, о, ө, ұ, ү, ы, і, э, ю, я, (у)

## IV тарау бойынша қайталау



1-тапсырма. Түсіп қалған әріпті тап және жаз.

Б ... лме  
... тыр  
К ... з  
Т ... ҒЫЗ  
... ҚЫ



к ... йлек  
т ... н  
с ... здік  
... қушы  
... зен

96



2-тапсырма. Қажетті әріптерді тауып сөздерді көркем жаз.

а ... аш



к ... рпі



г ... л



... рмекші



Қ ... з



са ... ат




СЫЗ ... ЫШ



... ОЯН




ша ... Ы







**3-тапсырма.** Сиқырлы асықтар орнынан **қ, ғ** және **л, з** әріптерін қойып сөздерді тап және жаз.



**4-тапсырма.** Мына сөздерді көрсетілген жұп дауыссыз дыбыстардың тиістісін жазыңдар.

П-б

Т-д

К-г

Қ-ғ

..айдасыз

...аласыз

Са...тау

Са...ар

Са...а

Ла...ылдау

...алы

А...а

...абыс

...алап

...ана

...ана

Бал...а

Ба...а

Е..ін

Те..ін

..ө...тем

...еремет

Те...емет

..үре...

...үре...і

...асыр

Ба...дарлама

А....

...а...аз

...алам

...ала

...асыр







## V тарау бойынша қайталау



**1-тапсырма.** Буын мен тасымалдағы айырмашлықты тап және себебін түсіндір.

### БУЫН

### ТАСЫМАЛ

О-йын-шық		Ойын-шық
Е-тік-ші		Етік-ші
И-не-лік		Ине-лік
О-рын-дық		Орын-дық
А-рыс-тан		Арыс-тан
І-рім-шік		Ірім-шік

98



**2-тапсырма.** Суретті диктант. Берілген суреттердің атын үлгідегідей тасымалдап жаз.

**Үлгі:** Те-ре-зе, те-ре-зе, те-ре-зе





**3-тапсырма.** Тасымалдауға болмайтын сөздерді бір бағанға, тасымалданатын сөздерді екінші бағанға жазыңдар.

ай

ине

бала

қыс

су

мектеп

ата

жеміс

көктем

орман

орақ

аспан

арыстан

кеме

ғарыш

ит

тай

алма

БҰҰ

мысық


анар



## VI тарау бойынша қайталау



**1-тапсырма.** Сұрақтарға жауап бер және көркем жаз.



Мынау не?



100

Бұл кім?





**2-тапсырма.** Жұмбақтың шешуін тап және көркем жаз. Қандай? қай? деген сұрақтарға жауап беретін сөздердің астын сыз.

Өзі жап-жас мұрты бар,  
Етпен сүтке ұмтылар.  
Тастамайды жылы үйді,  
Түкті тоны шұп-шұбар.




Иесіне адал ол,  
Ауланы да қорғайды.  
Күні-түні үрүден,  
Жағы оның талмайды.









**3-тапсырма.** Қандай? қай? сұрақтарына жауап беретін сөздерді тауып жазыңдар.



102



**4-тапсырма.** Сұрақ белгінің орнына қажетті сөздерді қойып жаз.

Тоғайда түрлі аңдар  . Терең шатқалға  
қояндар  . Қызыл түлкілер тоғайда  .  
Тиіндер ағаштан ағашқа  .

**Қажетті сөздер:** жүреді, жасырынды, болады, секіреді.

## VII тарау бойынша қайталау



**1-тапсырма.** «Ойла, ізде, тап!»

**Кісі аттары:**

**Жер-су аттары:**

**Жануарларға арнайы қойылған аттар:**



**2-тапсырма.** «Тез ойла, тез ойна!»

Сөздер	ақын	бес	ұшты	үш	секірді	биік	Мақсат	тәтті
Сұрақтар								
Кім? Не?								
Не істеді? қайтті?								
Қандай? қай?								
Қанша? неше? нешінші? нешеу?								

*O'quv nashri*

**N. Abduvalitov, M. Bayturayeva, B. Djuldibekova**

# **ONA TILI VA O'QISH SAVODXONLIGI**

2-qism

*Umumiy o'rta ta'lim maktablarining  
1-sinfi uchun darslik*

*(Qozoq tilida)*

Суретші *Ферузбек Матякубов*  
Редактор *Тәжібаева Айдын*  
Көркөмдеуші редактор *Сарвар Фармонов*  
Техникалық редактор *Акмал Сулаймонов*  
Дизайнер *Ихволдин Салохитдинов*  
Компьютерде беттеген *Шахобиддин Махмадиев*

Басуға 25.10.2021 жылы рұқсат етілді.  
Пішімі 60×84<sup>1</sup>/<sub>8</sub>. Гарнитурасы «Arial». Кеглі 18.  
Офсеттік қағаз. Шартты баспа табағы 12,09.  
Есептік баспа табағы 8,32. Таралымы \_\_\_\_\_.  
Тапсырыс № \_\_\_\_.

Bosmaxona manzili